



Бекітемін

Мектеп директоры :

К.С. Жарасова

Шымкент қаласы

**№131 жалпы орта білім беретін мектебінің мектепалды даярлық
сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру
процесін ұйымдастыру жоспары**

Шымкент қаласы №131 жалпы орта білім беру мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы мектепалды даярлық сыныптарында тәрбие мен білім беру процесін ұйымдастыру оқу жоспары

Түсінік хат

№131 жалпы орта білім беретін мектебіндегі 2024-2025 оқу жылында барлығы 3 қазақ мектепалды даярлық сыныбы жұмыс жасайды. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінге ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі (Балаларды ерте дамыту институты)

РММ Ғылыми - әдістемелік кеңесінің шешімімен (2024жылғы 17 маусымдағы №5хаттама) ұсынылады. Астана2024жыл.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі- стандарт) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 2-қосымша)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша) бұйрығымен енгізілді.

Мектепалды сыныптарда және топтарда тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы «Алматыкітап» баспасының оқулықтары бойынша 2024-2025 ж қолданылады.

«Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17657 болып тіркелген) бұдан әрі- үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – үлгілік оқу жоспарлары);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2016 жылы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі үлгілік оқу бағдарламасы);

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып, ұйымдастырылған іс-әрекет қызыметінің жалпы көлемі төмендегідей жасалды.

2024-2025 оқу жылының ерекшеліктері: Жана оқу жылында ҚР заңнамасына, мемлекет басшысының және үкіметтің тапсырмаларына, сондай ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта , техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жұмыстың бағыттары кезектендірілді: -жаңартылған қағидаларға сәйкес қызметтің басталғандығы туралы хабарлама;

- Балалармен, ата-аналармен және айналасындағылармен қарым- қатынас жасауда педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтау, зорлық- зомбылықтың, булингтің және балалардың құқықтарын бұзудың кез-келген түрін болдырмау;

- «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлық ұйымдастыру.

Мектепалды жастағы баланың жеке даму картасын қалыптастыру; - экологиялық білім беру сапасы мен тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін арттыру ;

- ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Әдістемелік нұсқау хатта 2024- 2025 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынандай бағыттарды қамтиды:

- Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын,оның ішінде инклюзивті орта құру;

- Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру ;

- Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- Баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

- Тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- Ойын арқылы оқыту;

Түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

Физикалық дамыту;

Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру арқылы іске асырылады:

1. Дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру)

2. Жүзу (жүзу бассейні болған кезде);

3. Сөйлеуді дамыту;

4. Көркем әдебиет;

5. Сауат ашу негіздері;

6. Қазақ тілі;

7. Сенсорика;

8. Математика негіздері;

9. Құрастыру;

10. Қоршаған ортамен таныстыру;

11. Сурет салу;

12. Мүсіндеу;

13. Жапсыру ;

14. Музыка;

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени - әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз-мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагог ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекет аптасына 3 сағат білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Физикалық қасиеттерді дамыту. Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады. «Денсаулық» білім беру саласында белсенді қимыл-әрекет дағдылары мен денелік өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру және дамыту, балаларды салауатты өмір салты негіздеріне баулу болып табылады.

Тәрбие мен оқу процесі келесі міндеттерге сәйкес жүзеге асырылады:

-балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;

-спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;

-дене шынықтырудың әр түрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;

-балалардың дене қалыптарының дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық - педогогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау;

-балалардың денсаулығын нығайту, ағзаларын шынықтыру, балалардың денелік сапа көрсеткіштерін дамыту, күнделікті қимыл іс-әрекетіне деген қажеттілікті қалыптастыра отырып, дербес қимыл белсенділігін дамыту, балалардың қимыл-қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын дамытуға мүмкіндік беру. тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында өзін-өзі ұстай білудің қауіпсіз және тиімді жолдарын табу.

қиын жағдаяттарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ойын әрекеті, дербес, белсенді дене шынықтыру- сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары) мәдени- гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдықты т.б әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты балалардың түрлі іс-әрекеттерінде қазақ халқының мәдениеті мен, салт - дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, әңгімелесушіні тыңдауға, сауат ашудың алты шарттарын қалыптастыру, қолды жазуға дайындау;

Ересектер мен балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;
Коммуникативтік дағдылар: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

Салт -дәстүрлермен таныстыра отырып ауызекі сөйлеуді дамыту

Өз ойларын түсінікті жеткізуге, заттар мен жағдайды нақты сипаттауға баулу.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекет арқылы іске асырылады.

Мақсаты балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым- қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекетін қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативті - танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамыту. Танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепке оқуға ынтасын ашу.Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білу, себеп- салдар, қорытынды жасауды үйренеді.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауыз екі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әр түрлі жағдайлардағы қарым- қатынас дағдыларын меңгеруді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін

дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады. Мақсаты балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын сезімдерін көркем түрде жеткізе білуге үйрету. Балалардың шығармашылық қабілетін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту, жұмысты ұжыммен орындауға, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, музыкаға, өнер түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға баулу. Ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу, балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларын қалыптастыру

Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады. Мақсаты тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік- мәдени нормаға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне, рухани- адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдарын

байыту. Құндылықтарға баулу, дербестікке тәрбиелеу, еңбек түрлеріне, әртүрлі маман иелеріне құрметпен қарауға, отанның тарихы мен мәдениетін білуге, туған жер туралы түсініктерін кеңейтуге, жанашырлық сезімін дамыту, экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.

Сөйлеуді дамыту- 2 сағат және көркем әдебиет- 2 сағат, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері аптасына 2 сағаттан білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекетте ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда иә, жоқ деп жауап беретін немесе жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір- бірімен қарым- қатынас жасауға, олармен кез- келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б арқылы дамыту. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде үлгілік оқу-бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілерді ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай- ақ қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым - қатынасты өзгерту ұсынылған. Күн сайын балаларға кітап оқып беру, тақпақ, өлеңдерді жаттау, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету, балалардың ойларын тыңдау. Сыныпта кітап бұрышын ұйымдастыру.

Сауат ашу негіздері аптасына 3сағат өткізіледі. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым - қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекетін қарапайым дағдыларын мектепалды сынып оқушыларына меңгерту.

Мектепалды даярлық сыныптарында математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына 3сағат өткізіледі.

Мектепалды даярлық балалары үшін күн сайын танымдық, зерттеу әрекетін ұйымдастыруға болады. Мұнда математикалық ұйымдарды (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б) бекіту үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне,заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне нгерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

Қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына 2 сағат өткізіледі. Мұнда объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым- қатынас, ойын, еңбек және басқа да әрекеттер арқылы іске асырылады. Қоршаған ортамен танысу баланың «Мен» бейнесінің пайда болуына барынша ықпал етеді. Сол себепті отбасы, түрлі мамандықтар ересектердің еңбегі, туған жер,Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б түсініктері мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтар, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру көзделеді.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру аптасына 1сағат жүргізіледі, ал шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті күн сайын балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастырылады және мұнда бірнеше іс-әрекет түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір іс-әрекет түрімен айналысуына болады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекетті мектепалды даярлық сыныптарында аптасына 2сағат білім беру ұйымының сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты- музыкалық қимылдар балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.2024-2025оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту міндетін атқарушы бұйрығының 2 қосымшасына сәйкес бағдарламаның мақсаты **Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар ождан, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген,үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.** Бағдарлама мазмұны білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту. Сыныптан тыс іс- шаралар арқылы жүзеге асырылады. Ал сынып өткелінен тұрақты іс- шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталған. Стандарт 17

сыныптарында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толық қанды дамыту мен әлеуетін ашу, ұлттық бірегейліктің, азаматтық пен патриотизмнің негіздерін қалыптастыру. Тәрбиенің мақсаты: жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру. Үлгілік қағидаларға сәйкес МДЖ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

1.1 қыркүйектен 31 мамырға дейін - оқу жылы (үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі);

2.1 маусыммен 31 тамызға дейін - жазғы сауықтыру кезеңі.

Мектептердің мектепалды сыныптарында мектепалды даярлықты ұйымдастыру. Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны - 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттілігін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған бір іс-әрекеттің ұзақтығы - 20-25 минутты құрайды.

Қазақстан Республикасының
оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «09» қыркүйектегі
№ 394 бұйрығына 3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және Ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№557 бұйрығына 3-қосымша

Мектептің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) ұйымдастырылған іс-әрекеті, балалар әрекеті

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Жылдық
		0А	0Ә	0Б			
1	Дене шынықтыру	3	3	3		9	297
	Дене шынықтыру**				күн сайын		
2	Сөйлеуді дамыту	2	2	2		6	198
	Көркем әдебиет	2	2	2		6	198
	Қарым-қатынас іс-әрекеті				күн		

				сайын		
	Қазақ тілі	2	2	2		198
	Қазақ тілі***			күн сайын		
3	Сауат ашу негіздері	3	3	3		297
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет			күн сайын		
4	Математика негіздері	3	3	3		297
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті			күн сайын		
5	Қоршаған ортамен таныстыру	2	2	2		198
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті			күн сайын		
6	Сурет салу	1	1	1		99
	Мүсіндеу					
	Жапсыру					
	Құрастыру					
	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті			күн сайын		
7	Музыка	2	2	2		198
	Музыка****			күн сайын		
8	Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің қызметі	25-30 мин	25-30 мин	25-30 мин		
	Барлығы	20	20	20		1980

Ескерту

Ұйымдастырылған іс-әрекет Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті(ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.**

**** Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілерді ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттарымен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. ** ** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.**